

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № А-2/60 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 наурызда № 5833 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 11 қазандағы № А-9/455 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 11.10.2017 № А-9/455 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Хамиевке жүктелсін.

3. Осы қаулының әрекеті 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Зеренді ауданының әкімі

А.Мұратұлы

Зеренді ауданы әкімдігінің
2017 жылғы "13" ақпандағы
№ А-2/60 қаулысымен
бекітілген

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында тәрбиеленушілер саны				Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)			
Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
мемлекеттік	жеке меншік			мемлекеттік	жеке меншік		
135	50	100	195	23869,7	21591,8	16921,6	8460,8

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындарының орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі ұйымдарында бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)			
Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
мемлекеттік	жеке меншік			мемлекеттік	жеке меншік		
23869,7	21591,8	16921,6	8460,8	10000	12000	8000	4000